В соответствии с Кодексом Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения», настоящее регистрационное удостоверение выдано производителю медицинской техники:

Тип организации или участок производства	Наименование организации	Страна
Производитель	Вестерн НПК ООО	РОССИЯ

в том, что медицинская техника:

**Аппарат сочетанного вакуум-магнитотерапевтического воздействия
переменным вакуумом и бегущим импульсным магнитным полем
"СОЮЗ-АПОЛОН"**

класс безопасности в зависимости от потенциального риска применения **2а**

зарегистрирована и разрешена к применению в медицинской практике на территории Республики Казахстан.

Перечень расходных материалов и комплектующих к изделию медицинского назначения/медицинской технике в Приложении к данному регистрационному удостоверению (1 лист)

Дата государственной регистрации (перерегистрации)
Действительно до
Номер приказа

26.07.2013 г.
26.07.2020 г.
от 26.07.2013 г. №666

Ф.И.О. руководителя государственного органа
(или уполномоченное лицо)



**«СОЮЗ-АПОЛЛОН»
ВАКУУМ-МАГНИТТИ ТЕРАПЕВТИК
ӘСЕРДІҢ АУЫСПАЛЫ ВАКУУМДЫҚ ЖӘНЕ
ҚОЗҒАЛМАЛЫ ИМПУЛЬСТІ МАГНИТТИК
ӨРІСІМЕН БІРЛЕСКЕН АППАРАТЫ**

Пайдалану бойынша нұсқаулық

2021 ж

Мазмұны

Қауіпсіздік бойынша жалпы ережелер	
1 Аппараттың сипаттамасы және жұмысы	34
1.1 Аппараттың мақсаты	34
1.2 Классификациясы	35
1.3 Қолдануға көрсетімдер	35
1.4 Қарсы көрсетім	35
1.5 Техникалық сипаттамалары	36
1.6 Жиынтылық	37
1.7 Аппараттың құрылымы, басқару органы және индикация элементтері	38
1.8 Құрылғы және жұмысы	39
2 Мақсаты бойынша қолдану	41
2.1 Сақтық шаралары	41
2.2 Пайдаланымдық шектеулер	42
2.3 Электромагниттік үйлесімдік бойынша ережелер	42
2.4 Аппаратты қолдануға дайындау	49
2.5 Аппараттың жұмыс режимдері	50
2.6 Бастапқы орнату режимі	51
2.7 Емдеу әдісі	51
2.8 Процедураны жүргізу техникасының ерекшеліктері	53
2.9 Емдеу үрдісінде қолбаға және тығыздағышқа күтім жасау	55
3 Сақтау ережелері	55
4 Өндірушінің кепілдігі	56
5 Қабылдау туралы куәлік	58
Кепілдік талондары	5

Қауіпсіздік бойынша жалпы ережелер

Аппарат 220 В-тық желімен жұмыс жасауға арналған. 220 В-тық кернеу адам өміріне қауіпті болып табылады. 220 В-тық қауіпті кернеуде тұрған түйіндермен жанасуын болдырмау мақсатында жоғарғы қақпағы ашық аппаратты пайдалануға қатаң тыйым салынады. Құрылғыны жөндеу желілік баусымның ашасын 220 В-тық желіден ажыратылған кезде жүргізген жөн. Аппаратты жөндеу тек мамандандырылған жөндеу ұйымдарында немесе өндіруші-кәсіпорында жүргізілу мүмкін. Ақау орын алған жағдайда желілік баусымды ерекшелігі бойынша ұқсас сыммен ғана ауыстыруға болады: баусымның таңбасы ШВВП 2х0,75, еуроашамен арқауланған болу керек.

Емделуші имплантталған электрлі-кардиостимуляторды қолданған жағдайда аппаратты пайдалануға тыйым салынады.

Аппарат құрамында оттегісі көп ортада жұмыс істеуге арналмаған.

1 Аппараттың сипаттамасы және жұмысы

1.1 Аппараттың мақсаты

1.1.1 Аппарат тамырлы аурулардан және жүйкенің бұзылуынан туындаған ерлердегі жыныстық функциялардың бұзылуын дәрі-дәрмексіз емдеуге арналған.

1.1.2 Аппарат емдеу-профилактикалық және санаториялық мекемелерде, клиникаларда, сондай-ақ дәрігердің ұсынысымен үй жағдайында қолдануға арналған.

1.1.3 Аппарат қалыпты жағдайларда пайдалануға арналған: ауа температурасы +10° С-тан +35° С-қа дейін, +25° С температура жағдайында ауаның салыстырмалы ылғалдылығы – 80 %, атмосфералық қысым 86,6 кПа-дан 106,7 кПа-ға дейін болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Аппаратты емдеу-профилактикалық және санаториялық мекемелерде, клиникаларда пайдаланған жағдайда әрбір емделуші үшін жеке колба мен тығыздағыш қарастырылу керек. Колбалар мен тығыздағыштардың қажетті санын аппаратты өндіруші алдын ала тапсырыс бойынша жеткізеді. Аппараттың зарарсыздандыруды қажет ететін бөліктері жоқ.

1.2 Классификациясы

1.2.1 Электр тоғының соғуынан қорғау дәрежесі бойынша аппарат ВF түріндегі жұмыс бөліктері бар II кластағы медициналық электрлі бұйымдарға жатады.

1.2.2 Аппараттың корпусына судың және қатты бөліктердің кіру қаупінен қорғау деңгейі бойынша IP30 класына жатады.

1.2.3 Аппараттың жұмыс режимі ұзақ, үздіксіз жұмыс жасау уақыты 8 сағатты құрайды.

1.3 Қолдануға көрсетімдер

Тамыр аурулары мен неврогендік бұзылулардан туындаған ерлердегі жыныстық функцияның бұзылуы:

- Жыныстық құмартудың бұзылуы (либидоның төмендеуі);
- эректильді дисфункция (соның ішінде эрекцияның әлсіреуі);
- эякуляцияның бұзылуы (алдын ала шәует шығару, ұзаққа созылған жыныстық қатынастар, эякуляцияның болмауы);
- оргазмның бұзылуы;
- жыныстық сферадағы созылмалы аурулар (соның ішінде созылмалы абактальді простатит).

1.4 Қарсы көрсетім

- жүйелік қан аурулары;
- алкогольмен улану;
- имплантталған электрлі-кардиостимуляторлардың бар

болуы;

- жіті ірінді-қабынулық аурулар;
- катердің пайда болуы.

1.5 Техникалық сипаттамалары

1.5.1 Аппаратты электр қуаттау жиілігі 50 Гц болатын ауыспалы ток кернеуімен (220 ± 22) В жүзеге асырады.

1.5.2 Аппараттың электр желісінен тұынатын қуаты (30 ± 5) ВА.

1.5.3 Салмағы, кг, қаптамасыз, артық емес:

- аппаратты басқару блогы – 1,4;
- әсер ету түйінінің индукторы - 0,85,
- әсер ету түйінінің колбасы – 0,3.

1.5.4 Габариттік өлшемдері, мм:

- аппараттың басқару блогы – $275 \times 225 \times 70$;
- әсер ету түйінінің индукторы – $210 \times 100 \times 95,5$;
- әсер ету түйінінің колбасы: диаметр – (60 ± 1), ұзындығы – (220 ± 2).

Колбаның ішкі өлшемдері: ұзындығы (200 ± 2) мм, диаметр (50 ± 1) мм.

1.5.5 Әрбір әсер ету түйінінің индукторы шарғысында бітеулі орталықтағы магниттік индукцияның амплитудалық мәні (30 ± 9) мТл.

1.5.6 Пайдаланушы магниттік өріс импульсінің өту жиілігін 1 Гц айналыммен 0 Гц-тен 6 Гц-ке дейінгі аралыққа орната алады. Жиілікті орнату кезінде индуктордағы магниттік өріс импульсінің 0 болуы жүргізілмейді.

1.5.7 50гПа айналымымен минус 100 гПа-дан минус 350гПа-ға дейін дискреттік өзгертін колбадағы ыдырату. +20гПа/-50 гПа номиналынан ауытқу рұқсат етіледі.

1.5.8 Пайдаланушы процедурадағы цикл санын 1 айналыммен 1-ден 10-ға дейінгі аралыққа орната алады. Процедурадағы әрбір цикл екі аралыққа бөлінген, олар автоматты түрде жүзеге асады: ұзақтығы (30 ± 5) секунд болатын төмен ыдырату аралығы және ұзақтығы (90 ± 5) секунд болатын жоғары ыдырату аралығы. Колбада ыдырату жұмысы жоғары ыдырату аралығы 50 гПа айналыммен минус 150 гПа-дан минус 350 гПа-ға дейін және төмен ыдырату аралығы 50 гПа айналыммен минус 100 гПа-дан минус 150 гПа-ға дейін орнатылу керек. Бұл ретте колбада ыдыратудың әр аралығында мерзімді берілген мәнге дейін бірқалыпты көтерілу керек, осы мәнде белгілі бір уақыт ұстап, содан кейін нөлге дейін түсіру керек. Ыдыратудың берілген шамасына байланысты ыдыратуды көтеру, ұстау және түсіру ұзақтығы реттелмейді.

1.5.9 Бір процедураны орнатқаннан кейін (берілген цикл саны) аппарат автоматты түрде магниттік индукцияның болуын, түйінде ыдыратуды тоқтатады және $(10 \pm 0,5)$ минуттық уақытқа үзіліске көшеді. Бұл ретте индикаторда үзілістің кері есебі көріну керек.

1.5.10 Аппараттың үздіксіз жұмыс жасаудағы рұқсат етілген уақыты 8 сағатты құрайды. Бұл ретте индикаторда кері есеп уақытын көрсете отырып, процедуралардың арасында ұзақтығы $(10 \pm 0,5)$ минутқа созылатын үзіліс автоматты түрде қамтамасыз етіледі. Кері есеп уақыты аяқталысымен индикаторда бұрын берілген параметрлер көрінеді. Келесі процедуралар үшін параметрлерді өзгерту қажет болмаса, онда оның басталуы үшін **ISCHE ҚОСУ** батырмасын басу керек. Олай болмаған жағдайда қажетті параметрлерді орнатып, **ISCHE ҚОСУ** батырмасын басу керек.

1.6 Жиынтылық

1.	Басқару блогы	1 дн.
2.	Индуктор	1 дн.
3.	Колба	1 дн.
4.	Тығыздағыш	2 дн.
5.	Вакуумдық түтік	1 дн.
6.	Пролонды сүзгі	3 дн.

- | | | |
|----|-----------------------------|-------|
| 7. | Пайдалану бойынша нұсқаулық | 1 дн. |
| 8. | Қаптау ыдысы | 1 дн. |


1.7 Аппараттың құрылымы, басқару органы және индикация элементтері

1.7.1 Аппараттың алдыңғы жағы 1-суретте, артқы жағы 2-суретте келтірілген.



1 сур. «СОЮЗ-АПОЛЛОН» аппараты. Алдыңғы жағы

1 – басқару блогы; 2 – индуктор; 3 – колба; 4 – тығыздағыш; 5 – вакуумдық түтік.



2 сур. «СОЮЗ-АПОЛЛОН» аппараты. Артқы жағы.

6 – желіні ажыратқыш; 7 – қуат кабелі; 8 - деректер кабелі; 9 – вакуумдық түтікті қосуға арналған келтеқосқыш.

1.7.2 Аппарат өзара байланысқан екі блок – басқару блогы және әсер ету блогы түрінде жасалған.

Әсер ету блогы жұмыс бөлігі болып табылады және силиконды тығыздағышы бар индуктордан және пластмассалық колбадан тұрады.

Басқару блогы және әсер ету блогы (жұмыс бөлігі) электр кабеліне (деректер кабелі) және вакуумдық түтікке жалғанады.

1.7.3 Басқару блогының жоғарғы панелінде (1 сур. қар.) мыналар орналасқан: режимдердің күйі бар индикатор, магниттік өріс индикаторы, режимдерді реттеу батырмалары. Басқару блогы корпусының артқы жағында (2 сур. қар.) вакуумдық түтікті қосуға арналған келтеқосқыш, қуат кабелі, деректер кабелі, желіні ажыратқыш орналасқан.

1.7.4 Басқару блогы корпусының төменгі бетінде келесідей мазмұндағы таңбасы бар нәл орналасқан:

- өндіруші-кәсіпорынның тауарлық белгісі;
- аппараттың атауы және модельдің мәні;
- өндіруші-кәсіпорынның белгіленген жүйесі бойынша аппараттың нөмірі;
- судың және қатты бөліктердің кіру қаупінен қорғау таңбасы;
- электр қауіпсіздігі бойынша қорғау таңбасы:
 - а) электр қуатының номиналды кернеуі;
 - б) электр қуатының номиналды жиілігі;
 - в) номиналды тұтынылатын қуат;
 - г) электр тоғының соғуынан қорғау класы;
 - д) жұмыс бөлігінің түрі.

1.8 Құрылғы және жұмысы

1.8.1 Аппараттың жұмыс қағидасы

1.8.2.1 Аппарат қозғалмалы импульсті магниттік өріс көзінен және

әсер ету түйінінде болатын ыдыратудан тұрады.

1.8.2.2 Магнитті-терапевтік әсер 1-ден 6 Гц-ке дейінгі аралықтағы орындалатын **«Өріс жиілігі»** жиілік батырмасымен орнатылуын қамтамасыз етеді. Магнитті-терапевтік әсер **«0»** импульсінде орындалатын жиілікті орнатумен сөндірілу мүмкін.

1.8.2.3 Әсер ету түйінінің қолбасындағы ыдырату басқару блогын және әсер ету түйінін байланыстыратын вакуумдық түтік арқылы вакуумдық компрессормен орындалады. Әсер ету түйіні емделушінің жыныстық органымен тікелей жанасады және пайдаланушымен берілген ыдыратуды және қозғалмалы импульсті магниттік өріс индукциясын қамтамасыз етеді.

1.8.2.4 Емдеу процедурасының барлық мерзімі пайдаланушымен берілген екі минуттық цикл санынан тұрады, бұл ретте аппараттың екі минуттық циклы екі аралыққа бөлінген. Алғашқы 30 секунд аралығында аппарат төмендетілген вакуумды, келесі 90 секунд аралығында – жоғарылатылған вакуумды қамтамасыз етеді. Жоғарылатылған және төмендетілген вакуумның арасындағы ыдырату шамасы бастапқы режимде қалай болса, жұмыс режимінде дәл солай тиісінше батырманы басу арқылы орнатылу және өзгертілу мүмкін. Компрессор жұмысы **«Токтату»** батырмасымен тоқтау мүмкін.

1.8.2 Әсер етудің физиологиялық механизмі.

1.8.2.1 Төмен жиіліктегі импульсті магниттік өрістің әсерімен бионысанда жасуша мембранасы арқылы иондарды ауыстыру үрдісін белсендіретін индукцияланған ионды токтар пайда болады.

1.8.2.2 Төмен жиіліктегі импульсті магниттік өрістің әсері қабынуға қарсы, ісінуге қарсы және ауырсынуды басатын әсерге ие. Магниттік өріспен бірге дәстүрлі емдеу әдісінің бірі вакуумды қолдану болып табылады.

1.8.2.3 Магниттік өрістің және вакуумның терапевтік әсері көп

жағдайда ұқсас келеді: ауырсынуды басу, қанның микроайналымын жақсарту, тіндердегі зат алмасу үрдістерінің жылдамдату, тыныштандыру әсері.

1.8.3 Сезу

1.8.3.1 Магниттік өрістің әсері кезінде әдетте ештеңе сезілмейді немесе жайлы сезім немесе діріл байқалады. Егер жүйке орталығы әрекет аймағына тисе, онда ауырсыну пайда болу мүмкін, бұл іштей бұзылған организмнің қалыпты дұрыс реакциясының орын алғандығын көрсетеді.

1.8.3.2 Ыдыратуға әсер еткенде жыныстық органға қан жүреді және эрекцияның артуына ықпал ететін кернеулік сезіледі.

2 Мақсаты бойынша қолдану

2.1 Сақтық шаралары

2.1.1 Пайдалану бойынша нұсқаулықпен танысқаннан кейін ғана аппаратты қолдануға кірісіңіз.

2.1.2 Пайдаланбас бұрын аппараттың сыртын тексеріп шығыңыз. Қуаттау сымның, деректер кабелінің, вакуумдық колбаның зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Колбаның ішіне сұйықтық түспес үшін процедураның алдында міндетті түрде дәретханаға барып алыңыз.

2.1.3 Аппаратты розеткаға желілік ашаны қосуға ыңғайлы жерлерге орналастырыңыз, желілік сымның және деректер кабелінің тартылуына жол бермеңіз.

2.1.4 Аппараттың бетін сүртуде ішіне дымқылдың тиюіне жол бермеңіз.

2.1.5 Аппаратты ылғалдан, соққыдан және шайқаудан қорғаңыз.

2.1.6 Кез келген шұғыл жағдайларда аппаратты **«ТОҚТАТУ»** батырмасын басып немесе оны желілік ажыратқыштан сөндіріңіз.

2.2 Пайдаланымдық шектеулер

2.2.1 Аппараттың істен шығуына келесідей әсер ету мүмкін:

- Электрмен қоректенетін кернеу шамасы 242 В-тан жоғары;
- қоршаған ауа температурасы 50° С-тан жоғары емес;
- тікелей ылғалдың әсері;
- аппараттың еденге құлауы немесе басқа механикалық әсері;
- әрбір процедурадан кейін он минуттық үзіліссіз аппараттың үздіксіз жұмыс жасауы.

2.2.2 Әріптік-сандық индикатордың қате жұмыс жасауын болдырмау үшін аппаратты сөндірген соң 10 секундтан кейін қайта қосуға тыйым салынады.

242 В-тың шегінен шығатын қуат желісінің кернеуі ауытқыған жағдайда «СОЮЗ-АПОЛЛОН» аппараты істен шығу мүмкін. 220В-тық кернеудің номиналдан ауытқуы ± 22 В-тан асып, қоректендіру желісінде импульсті кедергілер болған жағдайда аппараттың жұмысында бірлі-жарым іркілістер болу немесе индикатордағы ақпарат бұрмалану мүмкін. Жұмыс қалпына келтіру үшін аппараттың артқы жағында орналасқан қуатты ауыстырып-қосқыш клавиші арқылы аппаратты өшіру және қосу керек. Егер аппаратты өшіргенде және оны кейін қосқанда ақау қайталанбаса, онда аппарат толық жарамды болып саналады.

2.3 Электромагниттік үйлесімдік бойынша ережелер

«СОЮЗ-АПОЛЛОН» аппараты электромагниттік үйлесімділікті қамтамасыз ету үшін арнайы шараларды қолдануды талап етеді және пайдалану құжаттамасында келтірілген ЭМУ-ге қатысты ақпаратқа сәйкес орнатылу және пайдалануға берілу керек.

ЭМУ-нің нашарлауын болдырмау үшін аппарат пен индуктор арасындағы жалғағыш кабельді басқа параметрлері бар кабельге ауыстыруға тыйым салынады. Кернеудің сынау деңгейін тандау -1 кВ (2 деңгей) 1 кесте бойынша МЕМСТ ІЕС 61000-4-4 стандарты ТШ 26.60.13-003-96057430-2011 техникалық шарттарымен және В МЕМСТ ІЕС 61000-4-4 қосымшасымен анықталған пайдалану шарттарымен келісілген. Аппаратты тікелей жақындықта немесе басқа жабдықпен өзара байланыста қолдануға болмайды, егер оларды солай қолдану қажет болса, онда осы конфигурациядағы аппараттың қалыпты жұмыс істеуі үшін тексеріс жүргізілу керек. Мобильді радиожилік байланыс құралдарын аппаратқа тікелей жақын жерде қолданса, онда бұл оған әсер ету мүмкін.

1 кесте.

Өндірушінің нұсқаулығы және декларациясы – электромагниттік эмиссия

Аппарат төменде анықталған электромагниттік ортада қолдануға арналған. Аппаратты пайдаланушы оны көрсетілген жағдайда қолдануды қамтамасыз ету керек.		
Электромагниттік эмиссияны сынау	Сәйкестік	Электромагниттік орта - ережелер
СИСПР 11 бойынша радиокедергілер	1 тобы	Радиожилік кедергілерінің эмиссия деңгейі төмен болып табылады және жақын орналасқан электрондық жабдық жұмысының бұзылуына әкеліп соқпау мүмкін
СИСПР 11 бойынша радиокедергілер	Б класы	Аппарат тұрғын үйлерді коректендіретін электр тарату желісіне тікелей байланысқан тұрғын үйлерді және ғимараттарды қоса алғанда, кез келген орналастыру орындарында қолдануға жарамды
МЭК 61000-3-2 бойынша тұтынылатын тоқтың үйлесіммен құрайтын	А класы	
МЭК 61000-3-3 бойынша кернеудің ауытқуы және фликер	сәйкес келеді	

2 кесте.

Өндірушінің нұсқаулығы және декларациясы – кедергіге төзімділік.

Аппарат төменде анықталған электромагниттік ортада қолдануға арналған. Аппаратты пайдаланушы оны көрсетілген жағдайда қолдануды қамтамасыз ету керек			
Кедергіге төзімділігін сынау	МЭК 60601 бойынша сынау деңгейі	Сәйкестік деңгейі	Электромагниттік орта - ережелер
МЭК 61000-4-2 бойынша электрстатистік разрядтар (ЭСР)	$\pm 2 \pm 4 \pm 8$ кВ – ауа разряды $\pm 2 \pm 4 \pm 6$ кВ – байланысты разряд	$\pm 2 \pm 4 \pm 8$ кВ – ауа разряды $\pm 2 \pm 4 \pm 6$ кВ – байланысты разряд	Бөлменің едендері ағаштан, бетоннан немесе керамикалық плиткадан жасалу керек. Егер едендер синтетикалық материалмен жабылған болса, онда салыстырмалы ылғалдылығы кем дегенде 30% болу керек
МЭК 61000-4-4 бойынша наносекундтық импульсті кедергілері	± 1 кВ – электр қуат желісіне арналған $\pm 0,5$ кВ – кіргізу-шығару желісіне арналған	± 1 кВ - электр қуат желісіне арналған $\pm 0,5$ кВ – кіргізу-шығару желісіне арналған	Ғимараттың электр желісіндегі электр қуатының сапасы коммерциялық немесе аурухана ортасының типтік жағдайларына сәйкес келу керек
МЭК 61000-4-5 бойынша үлкен қуаттың микросекундтық импульсті кедергілері	$\pm 0,5 \pm 1 \pm 2$ кВ – «сым – жер» сызбасы бойынша кедергіні бергенде $\pm 0,5 \pm 1$ кВ – «сым – сым» сызбасы бойынша кедергіні бергенде	$\pm 0,5 \pm 1 \pm 2$ кВ – «сым – жер» сызбасы бойынша кедергіні бергенде $\pm 0,5 \pm 1$ кВ – «сым – сым» сызбасы бойынша кедергіні бергенде	Ғимараттың электр желісіндегі электр қуатының сапасы коммерциялық немесе аурухана ортасының типтік жағдайларына сәйкес келу керек

МЭК 61000-4-11 бойынша электр қуатының кіру желілеріндегі кернеудің түсуі, үзілуі және өзгеруі	Түсу: $U < 5\%$, 0,5 мерзімі (10 мс); $U = 40\%$, 5 мерзімдері (100 мс); $U = 70\%$, 25 мерзімдері (500 мс); Үзілу: $U < 5\%$, 250 мерзім (5000 мс) (U – сынау деңгейі (%)) ауыспалы ток электр қуатының желісінен кедергі келтіргенге дейін)	Түсу: $U < 5\%$, 0,5 мерзімі (10 мс); $U = 40\%$, 5 мерзімдері (100 мс); $U = 70\%$, 25 мерзімдері (500 мс); Үзілу: $U < 5\%$, 250 мерзімдері (5000 мс)	Ғимараттың электр желісіндегі электр қуатының сапасы коммерциялық немесе аурухана ортасының типтік жағдайларына сәйкес келуі керек
МЭК 61000-4-8 бойынша өнеркәсіптік жиіліктегі магниттік өріс (50/60 Гц)	3 А/м	3 А/м	Өнеркәсіптік жиіліктегі магниттік өрістің деңгейлері коммерциялық немесе аурухана ортасының типтік жағдайларына сәйкес болуын қамтамасыз ету керек
Ескерту - UT – сынау әсерін беру сәтіне дейінгі электр желісінің кернеу деңгейі			

3 кесте.

Өндірушінің нұсқаулығы және декларациясы – кедергіге төзімділік.

Аппарат төменде анықталған электромагниттік ортада қолдануға арналған. Аппаратты пайдаланушы оны көрсетілген жағдайда қолдануды қамтамасыз ету керек.			
Кедергіге төзімділігін сынау	МЭК 60601 бойынша сынау деңгейі	Сәйкестік деңгейі	Электромагниттік орта - ережелер
МЭК 61000-4-6 бойынша радиожілікті, электромагниттік өріспен келтірілген кондуктивтік кедергілер	3В (орташа квадраттық мәні)	3В (орташа квадраттық мәні)	Пайдаланылатын ұтқыр радиотелефондық байланыс жүйесі мен аппараттың кез келген элементі, кабельдерді қоса алғанда арасындағы қашықтық таратқыштың жиілігіне қатысты төменде келтірілген мәнге сәйкес есептеліп ұсынылатын кеңістіктік таралымнан кем болмау керек. Ұсынылатын кеңістіктік таралым мынаны құрайды: $d=1,2\sqrt{P}$
МЭК 61000-4-3 бойынша сәулелі радиожіліктік электромагниттік өріс	3В/м белдеуінде 80 МГц-тен 2,5ГГц-ке дейін	3 В/м	$d=1,2\sqrt{P}$ (80-нан 800 МГц-ке дейін) $d=2,3\sqrt{P}$ (800 МГц-тен 2,5ГГц-ке дейін) Тұрақты радиотаратқыштардан электромагниттік жағдайды) бақылау нәтижелері бойынша радиотолқындардың таралуы кезіндегі өріс кернеулігі әрбір жиілікб) белдеуіндегі сәйкестік деңгейінен төмен болу керек. Кедергілер белгімен таңбаланған жабдықтың жанында орын алу мүмкін 

а) Радиотелефон желілерінің (ұялы/сымсыз) және жердегі қозғалмалы радиостанциялардың, әуесқойлық радиостанциялардың, АМ және FM радиохабар таратқыштарының, телевизиялық таратқыштардың базалық станциялары сияқты тұрақты радиотаратқыштардан радиотолқындардың таралуы кезіндегі өріс кернеулігін жеткілікті дәлдікпен есептеп анықтау мүмкін болмайды.

Бұл үшін өріс кернеуін іс жүзінде өлшеуді жүргізу керек. Егер кешеннің орналасқан жеріндегі өлшенген мәндер сәйкестіктің қолданылатын деңгейлерінен артық болса, онда оның қалыпты жұмыс істеуін тексеру мақсатында кешеннің жұмысына бақылау жүргізу керек. Егер бақылау үрдісінде қалыпты жұмыстан ауытқу анықталса, онда қайта бағыттау немесе кешенді жылжыту сияқты қосымша шаралар қабылдау қажет.

б) 150 кГц-тен 80 МГц-ке дейінгі жиілік белдеуінен тыс өріс кернеулігін кем дегенде 1 В / м-ден қамтамасыз ету керек

Е с к е р т у

1 80 және 800 МГц жиіліктерінде өріс кернеуінің үлкен мәні қолданылады.

2 Берілген мәндер барлық жағдайларда қолданыла бермейді. Электромагниттік толқындардың таралуына құрылымдардан, заттардан және адамдардан болатын сіңу немесе шағылысу әсер етеді.

4 кесте.

Портативті және жылжымалы радиожилік байланыс құралдары мен аппарат арасындағы кеңістіктік таралудың ұсынылған мәндері. Аппарат электромагниттік жағдайда қолдануға арналған, бұл жағдайда сәулелену деңгейін бақылау жүзеге асырылады. Аппаратты пайдаланушы электромагниттік кедергілердің әсерінен аулақ бола алады, байланыс құралдарының максималды шығыс қуатын ескере отырып, төменде ұсынылған портативті және жылжымалы радиожилік байланыс құралдары (таратқыштар) мен аппарат арасындағы ең аз кеңістіктік алшақтықты қамтамасыз етеді.

Таратқыштың номиналды максималды шығыс қуаты, Вт	Кеңістіктік таралуы, м, таратқыштың жиілігіне байланысты		
	d = 1,2 Р белдігінде 150 кГц-тен 80 МГц-ке дейін	d = 1,2 Р белдігінде 80-нен 800 МГц- ке дейін	d = 2,3 Р белдігінде 800 МГц-тен 2,5 ГГц-ге дейін
0,01	0,12	0,01	0,12
0,1	0,38	0,1	0,38
1	1,2	1	1,2
10	3,8	10	3,8
100	12	100	12


Ескерту

- 1 80 және 800 МГц жиіліктерінде өріс кернеуінің үлкен мәні қолданылады.
- 2 Берілген мәндер барлық жағдайларда қолданыла бермейді. Электромагниттік толқындардың таралуына құрылымдардан, заттардан және адамдардан болатын сіңу немесе шағылысу әсер етеді.
- 3 Кестеде көрсетілмеген номиналды максималды шығыс қуаты бар таратқыштар үшін d кеңістіктік таралуының ұсынылған мәндерін анықтау кезінде келтірілген мәндерде таратқышты өндірушінің құжаттамасында көрсетілген номиналды максималды шығыс қуаты Р ваттпен ауыстырылады.

2.4 Аппаратты қолдануға дайындау

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! +10° С төмен температурада тасымалдағаннан немесе ұзақ сақтағаннан кейін (екі сағаттан астам) аппаратты қосар алдында +10° С-тан +35° С дейінгі температурадағы үй-жайда кемінде екі сағат бойына ұстаңыз.

2.4.1. Аппаратты үй жағдайында пайдалану кезінде әрбір процедура алдында колба мен тығыздағышты «Лотос» түріндегі жуу құралының 0,5%-ын қоса отырып, 3% сутегі асқын тотығының ерітіндісімен зарарсыздандыруды жүргізу керек. Мұны істеу үшін резеңке тығыздағышты колбадан алыңыз да, колба мен тығыздағыштың ішкі және сыртқы беттерін жоғарыда айтылған ерітіндіге малынған дәке тампонымен жуыңыз, содан кейін ағынды сумен шайыңыз. Колбаны майлықпен құрғатып сүрту, ал тығыздағышты жай құрғату керек. 3-суретке сәйкес тығыздағышты колбаға кигізу керек.



3 сур.

2.4.2. Аппаратты емдеу-профилактикалық және санаториялық мекемелерде, сондай-ақ клиникаларда пайдаланған кезде зарарсыздандыруды химиялық әдіспен МҚ-287-113 бойынша жүргізу керек, 3% сутегі асқын тотығымен орындау 80 мин құрайды.

2.4.3. Басқару блогындағы артқы панельдің келтеқосқышында сүзгі төсемінің бар-жоғын тексеріңіз және түтікті келтеқосқышқа жалғаңыз. Индукторға созылған тығыздағыш колбаны қосыңыз және оны басқару блогына вакуумдық түтікпен жалғаңыз. Аппарат жұмысқа дайын.

2.5 Аппараттың жұмыс режимдері

2.5.1 «СОЮЗ-АПОЛЛОН» аппаратының жоғарғы панелінде емдік әсер ету факторларының параметрін өзгертуге мүмкіндік беретін батырмалар орналасқан. Аппараттың екі жұмыс режимі бар: бастапқы орнату режимі және жұмыс режимі. Режимдердің арасында ауыстырып-қосу басқару панеліндегі **«Іске қосу»** және **«Токтату»** батырмаларымен жүзеге асырылады (4 сур. қар.). Әсер ету факторларын реттеу нақты емделушінің емделуінде максималды тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді, сондай-ақ емнің қолайлы және қауіпсіз болуын қамтамасыз етеді.



4 сурет. «Союз-Аполлон» аппаратының басқару панелі.

1 – режимдер жағдайы индикаторы; 2 – магниттік өріс индикаторы; 3 – циклдар саны батырмасы; 4 – магнит өрісі импульстері жиілігінің батырмасы; 5, 8 – вакуум жоғарылығын реттеу батырмасы; 6, 7 – вакуум төмендігін реттеу батырмасы; 9 – **«ПУСК»** батырмасы; 10 – **«СТОП»** батырмасы.

2.6 Бастапқы орнату режимі

2.6.1 Артқы панелінің басқару блогындағы желілік ажыратқышпен аппаратты қосқаннан кейін индикаторда «Іске қосу» батырмасын басқан соң аппаратпен өңделетін екі минуттық циклдердің саны, герцте орындалатын импульсті магниттік өрістің жиілігі, гектопаскальдарда ($1 \text{ гПа} \approx 0,001 \text{ атм.}$) жоғарылатылған вакуумдық кезеңдегі ыдырату және төмендетілген вакуумдық кезеңдегі ыдырату шығады.

2.6.2 Әрбір аталған параметрлер тиісінше батырманы басқанда өзгертілу мүмкін:

- екі минуттық циклдардың қажетті саны 1 цикл айналыммен (ұсынылатын циклдар саны – 10) 1-ден 10-ге дейінгі цикл шамасында **«Циклдардың саны»** батырмасымен орнатылады;
- орындалатын импульсті магниттік өрістің жиілігі (ұсынылатын орындалатын импульсті магниттік өрістің жиілігі – 6 Гц) **«Өрістің жиілігі»** батырмасымен орнатылады;
- магниттік өрісті сөндіру **«Өрістің жиілігі»** батырмасымен **«0Гц»** индикатор мәнін орнатумен жүзеге асады;
- жоғарылатылған вакуумдық аралықта ыдырату **«Вакуум max» «▼» және «▲»** батырмаларымен орындалады;
- төмендетілген вакуумдық аралықта ыдырату **«Вакуум min» «▼» және «▲»** батырмаларымен орындалады;

2.6.3 **«Іске қосу»** батырмасын басқаннан кейін аппарат жұмыс режиміне көшеді және орнатылған параметрлермен процедураны орындауды қамтамасыз етеді.

2.6.4 Импульсті магниттік өрістің жиілігі мен параметрлері бастапқы орнату режимінде максималды емдеу әсеріне жету үшін оңтайлы етіп таңдалған.

2.7 Емдеу әдісі

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Емделуші имплантталған электрлі

және кардиостимуляторды қолданған жағдайда аппаратты пайдалануға тыйым салынады. Күніне 1 процедуранан артық жүргізу ұсынылмайды.

2.7.1 220 В-тық желіге аппараттың қуат кабелін қосыңыз.

2.7.2 Басқару блогындағы басқару панелінің батырмаларына қолыңыз жететіндей етіп аппараттың алдындағы орындыққа жайғасыңыз.

2.7.3 Процедураны бастамас бұрын тығыздағышы бар пластикалық колбаны индукторға орнату керек, содан кейін вакуумдық түтіктің бір шетіндегі колба келтеқосқышына, ал екіншісін аппарат корпусының артқы жағында орналасқан келтеқосқышқа кигізіңіз. Жыныстық органды тығыздағышы бар колбаға орналастырыңыз. Пластикалық колбаны деңеге мейлінше жақындату керек.

2.7.4 Аппаратты корпусының артқы жағында орналасқан желілік ажыратқышпен қосыңыз. Қажетті ыдыратуды, орындалатын импульсті магниттік өрісті, циклдардың санын орнатуды жасаңыз.

2.7.5 Процедураны орындау үшін **«Іске қосу»** батырмасын басыңыз.

2.7.6 Процедураны орындау үрдісінде орындалатын аралыққа байланысты **«Вакуум max» «▼» және «▲»** немесе **«Вакуум min» «▼» және «▲»** батырмаларының көмегімен колбадағы ыдыратуды реттеу мүмкіндігі бар.

Назар аударыңыз!

Бірден қатты ыдыратуды қолдануға тырыспаңыз. Минималды ыдыратуды 100 немесе бар екендігін сезгенше 150 әкеліп орнатыңыз. Максималды ыдырату жеткілікті түрде әсер еткенше орнатыңыз, ауырсыну болмаған жағдайда біртіндеп 200-ден 350-ге дейін арттырыңыз.

2.7.6.1 Берілген цикл санын орындағаннан кейін, аппарат 10 минутқа

үзіліс режиміне өтеді. Бұл кезде индикаторда үзілістің аяқталуына дейін қалған уақыт көрсетіледі. Үзілісті кері есептеу уақыты аяқталысымен индикаторда процедура параметрінің берілген мәні көрсетілетін болады. Аппарат келесі процедураны жүргізуге дайын. Аппараттың жұмысындағы үзіліс аппаратты амбулаториялық пайдалану кезінде қыздырылған элементтерін салқындату үшін қажет. Жеке пайдалану кезінде процедура аяқталғаннан кейін, желілік ажыратқыш батырмасын басып аппаратты өшіру және розеткадан желілік ашаны суырып алу керек.

2.7.6.2 Аппараттың автоматты сөнуін күтпестен **«ТОҚТАТУ»** батырмасын басу арқылы кез келген сәтте процедураны үзуге болады.

2.8 Процедураны жүргізу техникасының ерекшеліктері

2.8.1 Емдеуді күніне бір рет жүргізеді. Процедураңыз ұзақтығы организмнің күйіне байланысты екі минуттық циклдар 1-ден 10-ға дейінгі шамада сезінуіне қарай таңдалады. Әдепкі емдеу курсы айына 10-12 процедураны құрайды. Әдепкі емдеу курсы – 10-12 процедураны құрайды.

2.8.2 Берілген колбадағы ыдыратуды орындау мақсатында процедураны жүргізу кезінде тығыздағышы бар колба қойылған индукторды негізгі жыныстық органға мейлінше жақын етіп орналастыру керек. Процедура кезінде тығыздағыш арқылы ауаның шықпауына мән беру керек, өйткені мұндай кезде процедураның тиімділігі төмендейді.

2.8.3 Емделушінің қалауы бойынша вакуумдық әсерін ғана қолданып, жиілікті «0 Гц» қойып магниттік өрісті сөндіруге болады.

2.8.4 Процедураны жүргізу кезінде эрекцияның көрінім деңгейі келесідей болу мүмкін:

- эрекцияның болмауы;
- әлсіз эрекция;

- орташа эрекция;
- қатты эрекция.


Ыдыратудың шамасы емдеу процедурасын жүргізу кезінде эрекцияның орташа деңгейге жақын болатындай ету керек. Бұл үшін емдеу процедурасы кезінде ыдыратудың шамасын арттыру немесе төмендету мүмкін. Эрекцияны жеделдету қажет болған жағдайда ауырсыну болмаса, онда қысқа мерзім аралығына жоғары ыдыратуды пайдалануға жол беріледі.

Назар аударыңыз!


Құрылғыны 5-суретте көрсетілген тығыздағыш түрімен жеткізу мүмкіндігі бар. Жеткізу жиынтығында мұндай тығыздағыштардың 2 данасы болады.

Мұндай тығыздағыш түрімен процедураны техникалық жүргізудің ерекшеліктері:

- Резеңкелі тығыздағыштың ұшын 5 сур. көрсетілгендей ~ 10мм-лік шамада қайшымен кесу (2-түрде жеткізу мүмкіндігі бар).
- 6 сур. көрсетілгендей тығыздағышты жыныстық органға кигізу керек, бұл ретте оны негізгі жыныс органына мейлінше жақындатуға тырысу керек.
- Қажет болған жағдайда тесіктің диаметрін ұлғайтуға болады, бірақ кез келген жағдайда тығыздағыш жыныс органына тығыз жанасып тұру керек.



- Тығыздағышты колбаға кигізіп, 7 суретте көрсетілгендей денеге жақындату керек



7 сур.

- Процедура кезінде колба негізгі жыныс органына мейлінше жақын орналасу керек, өйткені ол колбадағы бөлігіне ғана әсер етеді.

2.9 Емдеу курсының үрдісінде колбаға және тығыздағышқа күтім жасау

2.9.1 Аппаратты жеке қолданған жағдайда процедураны аяқтағаннан кейін колба мен тығыздағышты ағын сумен жуып, кебуіне мүмкіндік беру керек.

2.9.2 Амбулаторлық түрдегі мекеме жағдайында аппаратты қолданғанда колбаны және тығыздағышты тек жекелей ғана қолдану керек. Емделуші емдеу курсы өткізілген аралықта 2.9.1 т. басшылыққа алу керек.

2.9.3 5-суретте көрсетілген резеңкелі тығыздағышты өзара қабырғаларының тиюіне жол бермей бос күйде сақтау керек. Тікелей күн сәулесінен және басқа жылу сәулелерінің көздерінен сақтау керек.

3 Сақтау ережесі

3.1 Қаптамадағы аппаратты қоршаған ауаның $+10^{\circ}\text{C}$ -тан $+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейінгі температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы

80% болатын жағдайда жылытылатын орын-жайда сақтау керек.

4 Өндірушінің кепілдігі

4.1 Өндіруші кепілдік мерзімі аралығында тұтынушымен сақтау шарттары мен ережелері, тасымалдау және пайдалану сақталған жағдайда аппараттың сапасы осы пайдалану бойынша нұсқаулықтың талаптарына сәйкес келетіндігіне кепілдік береді.

4.2 Пайдаланудың кепілдік мерзімі аппаратты сатқан күннен бастап 12 ай.

4.3 Кепілдік мерзімі аралығында өндіруші-кәсіпорын ұсынылған кепілдік талоны бойынша аппаратты немесе оның құрамдас бөліктерін тегін жөндейді не болмаса ауыстырады.

4.4 Кепілдік бұйымның зауыттық нөмірі, сату күні, кепілдік мерзімі өндіруші-кәсіпорынның және сатушы-фирманың нақты мөрлерімен көрсетілген кепілдік талонын нақты және дұрыс толтырылған кезінде ғана кепілдік беру әрекет етеді.

4.5 Бұйым келесі жағдайларда кепілдік қызметінен алынады:

- егер аппаратта бөгде араласудың немесе өкілетті емес қызметтік орталықпен жөндеуге тырысу іздері бар болса;
- егер анықталса:
 - а) механикалық зақымдану;
 - б) аппараттың ішіне бөгде заттардың, заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің енуінен туындаған зақымдану;
 - в) аппараттың, өрттік, найзағайдың және т.б. салдарынан туындаған зақымдану;
 - г) коректендіру желісінің параметрлерінің талабына сәйкессіздігінен және басқа ұқсас факторлардың салдарынан туындаған зақымдану.

4.6 Кепілдік тек сатып алушының кесірінен аппарат істен шықпаған жағдайда ғана беріледі.

4.7 Кепілдік міндеттемелері шығын материалдарына, соның ішінде колбаға және тығыздағышқа берілмейді.

4.8 Шығын материалдарын сатып алу бойынша сұрақтар және аппаратты пайдалану бойынша кеңестер үшін мына мекенжай бойынша хабарласыңыз: 390000, Рязань қ., Солнечная көш., 4Б, «Вестерн» ҒӨК» ЖШҚ, байланыс тел.(4912) 30-77-76, факс (4912) 30-00-77 E-mail: ooo.western@yandex.ru

4.9 Сертификация туралы ақпарат

Аппараттың сертификация туралы ақпарат мына сайтта <https://western62.ru>. қол жетімді.

Өндіруші кез келген уақытта міндетті ескертусіз тауардың дизайнына және техникалық сипаттамаларына өзгерістерді енгізу құқығын өзіне қалдырады.

5 Қабылдау туралы куәлік

«СОЮЗ-АПОЛЛОН» аппараты, зауыттық №_____, қолданыстағы техникалық құжаттамаға сәйкес келеді және пайдалануға жарамды деп танылды.

Шығарылған күні «___»_____20___ж.

ТББ мөртабаны

Қабылдауға жауапты тұлғаның қолы _____
Қаптауға жауапты тұлғаның қолы _____

Кепілдік мерзімі аралығында жөндеуге арналған кепілдік талоны

«СОЮЗ-АПОЛЛОН» вакуум-магнитті терапевтік әсердің ауыспалы
вакуумдық және қозғалмалы импульсті магниттік өрісімен бірлескен
аппараты

№ _____
зауыттық нөмірі

сатылды _____
сатушы мекемемен толтырылады

Сату күні _____
жылы, айы, күні



Сатушы мекеменің мөртабағы

Кепілдік мерзімі аралығында жөндеуге арналған кепілдік талоны

«СОЮЗ-АПОЛЛОН» вакуум-магнитті терапевтік әсердің ауыспалы
вакуумдық және қозғалмалы импульсті магниттік өрісімен бірлескен
аппараты

№ _____
зауыттық нөмірі

сатылды _____
сатушы мекемемен толтырылады

Сату күні _____
жылы, айы, күні



Сатушы мекеменің мөртабағы



КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ
ТІРКЕУ КУӘЛІГІ

КР-МТ-7№011689

Осы тіркеу куәлігі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес медицина техникасын өндіруші:

Ұйым түрі немесе өндіріс учаскесі	Ұйымның атауы	Өндіруші-ел:
Өндіруші	Вестерн ҒӨФ ЖШҚ	РЕСЕЙ

сонымен қатар медициналық техника:
"СОЮЗ-АПОЛОН" жүгіртпе импульстік магниттік өрісі мен ауыспалы
вакууммен үйлесімді вакуум-магниттік емдік әсер ету аппараты

қолданудағы әлеуетті қауіпке байланысты қауіпсіздік класы 2a

тіркелген және Қазақстан Республикасы аумағында медициналық
практикада қолдануға рұқсат етілген.

Шығыс материалдарының және медициналық мақсаттағы бұйымдар мен
медициналық техниканың жинақтаушы бөлігінің тізбесі осы тіркеу
куәлігінің қосымшасында (1 бет)

Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) күні
Жарамды
Бұйрық номері

26.07.2013 г.
26.07.2020 г.
26.07.2013 ж. №666

Мемлекеттік орган жетекшісінің Т.А.Ө.
(немесе уәкілетті тұлға)



038017